

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында көркем еңбек, музыка пәндерінің оқытылуы және жүргізілген жұмыстар жайлы анықтама

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылында көркем еңбек және музыка пән бірлестігінде 4 мұғалім жұмыс жасайды. Атап айтқанда көркем еңбек пәнінен Абишов Нұрлан, Әлімханова Ақмарал, Шахарова Жанар музыка пәнінен Жарылқасынов Жолдыбай. Тамыз айында бірлестіктің отырысында апталық жүктемелері бөлініп, жылдық жұмыс жоспарлары бекітіліп берілді. Мектепте көркем өнерпаздар үйірмесі мектептің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасалып келе жатыр. Үйірме жетекшісі Жарылқасынов Жолдыбай. 16 желтоқсан Ел тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай «Тәуелсіз елім-Қазақстаным» атты жас суретшілер сайысы 5-9 сыныптар аралығында болып өтті.

Қыздар шеберханасында Әлімханова Ақмарал оқушылармен сәндік қолданбалы өнер бағытында Сценарий бойынша декорациялар дайындап оқушылардың қызығушылығын тудырды. Сабақтар өз дәрежесінде өтілуде. 2024 жылдың 4-7 наурыз аралығында «Өнерліге өріс кең» атты көркем еңбек және музыка атталығы болып өтті. Апталық аясында сайыс сабақтар мен жас суретшілер жарыстары, қолөнер жұмыстарынан көрмелер ұйымдастырылды. Жас суретшілер сайысында I-орынды 5 сынып оқушысы Әлімжан Айсезім, II-орынды 6 сынып оқушысы Бейсенбай Ерасыл, III-орынды Сапар Мейіржан иеленді, алғыс хаттармен 5 сынып оқушылары Ешмақ Дания, Байғара Қанағат, Қазақбай Ердаулет, Пернебай Нұрұлтан, 6 сыныптардан Мәди Аруна, Аман Думан атты оқушылар марапатталды.

Түркістан облысының 5 жылдығы және Созақ ауданының 95 жылдығына орай ұйымдастырылған аудандық «Созақ таланттары-2023» ауыл-кенттердің халық өнер байқауында Жарылқасынов Жолдыбай Таукент кенті көркем өнерпаздар сайысында өнер көрсетіп жүлделі III орынға ие болды. Таукент кентінің 40 жылдығы мен Созақ ауданының 95 жылдығына орай Таукент кентінің әкімшілігінің ұйымдастыруымен Таукент кентінің мәдениет үйінде «Туған өлкем тұғырым» атты патриоттық әндер байқауында мектебіміздің оқушылары: Әбдіразақ Нұрасыл, Аманкелді Әсел, Әлімжан Зейнет, Есенгелді Бегімсұлу Есенжол Әсемай алғыс хаттармен марапатталды. Мектепте көркем өнерпаздар үйірмесі мектептің жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жұмыс жасалып келе жатыр.

ПӘБ жетекшісі Н.Абишов

**Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беретін мектептің Көркем еңбек және
музыка пәндерінің
бірлестік жетекшісі жайлы мәлімет 2023-2024 оқу жылы**

№	Мұғалімнің аты-жөні	Білімі, бітірген оқу орны, жылы, диплом №	Диплом бойынша мамандығы	Жүргізетін пәні	Өтініш білдірген санаты, мерзімі
1	Абишов Нурлан Алтаевич	Жоғары, М.О.Әуезов атындағы ШПИ, 1992 ж УВ№660310 02.07.1992 ж. Тіркеу №2379,	Бейнелеу өнері, сызу, еңбекке баулу	көркем еңбек	Сарапшы, 2024 жыл